

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ

«№ 75 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МҚК
Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 28V1
тел: (87172) 20-26-15;
.75shg@75shg-bilim.edu.kz



ГКП на ПХВ «ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ №75»

АКИМАТА ГОРОДА АСТАНА
г.Астана, пр.Мәңгілік Ел 28/1
тел: (87172) 20-26-15;
75shg@75shg-bilim.edu.kz

БҰЙРЫҚ

02.09.2025 623

№ _____

ПРИКАЗ

Тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 24 мамырдағы №231 бұйрығының 1-қосымшасы 2-тарау 3-параграфының 109 тармақшасы мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа алып

БҰЙЫРАМЫН:





1. 2025-2026 оқу жылында мектеп асханасы өз қызметінде санитарлық талаптарды сақтауын қадағалау және білім алушылардың мектеп асханасында тамақтануын жүйелі түрде ұйымдастыру мақсатында тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссия (әрі қарай комиссия) құрылсын.
2. Комиссия төменгі құрамда бекітілсін:
Кульмаганбетова З.Р. – мектеп директоры, комиссия төрайымы
Дукенова А.А.-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Майбалаева Ж.О. – директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
Пазилова Г.М.-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Нурмухамедова А.С. – кәсіподақ ұйымының төрайымы
Доспанова М.Т. – ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі
Омарова З.-ата-ана, қамқоршылар кеңес мүшесі
Билялиева М.Т.- ата-ана
Есім Ә-ата-ана
Бердалиева С.Э. – медициналық қызметкер
Жумабаева Г.Т. – әлеуметтік педагог
Уапова А.Т.-әлеуметтік педагог
Шакирова Н-ата-ана
3. 2025-2026 оқу жылына комиссияның жылдық жұмыс жоспары жасалып, бекітілсін.
4. Комиссия мүшелерінің атқаратын функционалдық міндеттері түсіндіріліп, мүшелерге таныстырылсын.

5. Комиссия тарапынан өнім тасымалдаушы қызметі үздіксіз, қатаң бақылансын.
 6. Тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына тоңазытқыш-технология жабдықтарының жарамдылығына азық-түлікпен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен жағдайларының сақталуына комиссия тарапынан ай сайын мониторинг жүргізілсін.
 7. Мониторинг нәтижесі бойынша акт рәсімделіп, тексеріс нәтижесі комиссия отырыстарында қаралсын.
 8. Комиссия жұмысының қорытындысы педагогикалық кеңесте қаралып, ақпарат білім беру ұйымының интернет-ресурсына орналастырылсын.
- Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын

№75 мектеп-гимназия директоры:

З.Р.Кульмаганбетова

Таныстым:

Дукенова А.А. 
Майбалаева Ж.О. 
Пазилова Г.М. 
Нурмухамедова А.С.
Доспанова М.Т.
Омарова З
Билялиева М.Т
Есім Ә
Бердалиева С.Э. 
Жумабаева Г.Т. 
Уапова А.Т. 
Шакирова Н